Avol Kommunnosi.

1933-Gil № 1 2.

№ 1, 2-3,

Çer çyzinin purьltarьjatь, birigiŋder!

# avьl kəmənesi

**Qazaƣ. ɵlkelik partьja kəmijtetiniŋ partьja—kɵpcilik çornalь**

Ajьnda eki ret cьƣadь. 1—çьl cьƣuvь

Партийно-массовый журнал Казакского крайкома ВКП(б) „АУЛЬНЫЙ КОММУНИСТ"

№ 1 (8) ƣьjnuvar 1933-çьl № 1 (8)

## Ɵlkelik partьja kəmijtetiniŋ V-pilenymi qandaj derektipter ʙerdi?

„Ɵlkelik partьja kəmijtetiniŋ pilenymi ʙarlьq partьja ujьmdarьnьŋ, kəsipciler odaqtarьnьŋ, keŋesterdiŋ, qalqozdardьŋ aldьna 1933-çьldьŋ egisine dajьndaluv, onь çaqsь çyrgizyv eŋ aldьŋƣь qatardaƣь sajasьj mindet-tap kyresiniŋ mindeti-dep qojadь"(V-pilenym qavlьsьnan).

I

Keŋester Odaƣь satsьjaldьq çolƣa nьq ʙekindi. Iri yndistirije ɵrkendevi arqasьnda Odaqta qara caruvanьŋ 80-85% qalqozdastь. Soƣьstan ʙurьnƣь men salьstьrƣananda, egis kɵlemi 30 mylijen gektir ɵsti. Avьl-caruvasь 150 mьŋ tьraktьr aldь. Qazaƣьstan avьl caruvacьlьƣь ʙasьm iri ɵnerli kəsipti el ʙoldь. Endigi mindet-qalqozdasqan, məcijne teqnijke men quraldanƣan avьl caruvasьnьŋ sapasьn kɵteryv, egin cьƣьmdьlьƣьn arttьruv. Sapqoz, qalqoz egisiniŋ cьƣьmьn kɵteryv-satsьjaldьq mal caruvasьnьŋ azьq qorьn nьƣajtuv. Bul mindetterdi orьndav ycin sapqoz, qalqozdardь, permilerdi nьƣajtuv qaçet. Egisti çospar men, ʙelgili purƣьram men çyrgizip, çumьstь ʙəlceʙekce ʙasqarьp ɵtken çьlƣь qatelerdi qajtalamav kerek.

II

Egisti kytyv, onьŋ sapasьn arttьruv, agьranomdьq caralardь çyzege asьruv ycin kyres yzdiksiz çyrip otьrmadь. Kej ʙir avdandarda egis çumьsьnьŋ ʙosaŋdavьna 31—çьl qalqozdarda taʙьstь durьs ʙɵlmevcilik, „Gijgant" qalqoz quruvcьlьq, tuqьm dajьndap ylgirmegendik, kɵlikti kytpevcilik, avdan ʙascьlьƣь ər ʙir qalqozdьŋ çajьn çeke ʙilip, olardьŋ ɵndiris çumьstarьna qolma-qol ʙascьlьq çasaj almaƣandьq seʙep ʙoldь. Negizgi kemcilik-qalqoz, M.T.S. sapqozdardьŋ egin saluvdan ʙastap, onь çьjnap alƣanƣa cejingi ʙarlьq çumьstarьn avdandьq ujьmdar, çer, qalqoz, mekemeleri durьstap ʙasqara almaƣanь; avьl—caruvacьlьq çumьsьn-ʙir tyjindi çumьs etip ʙasqara almaƣanь. Əlde nece qalqozdarda, ʙytin avdanda partьja çolьn ʙurmalavcьlьq ʙoldь. Salьnƣan eginniŋ kɵlemin, cacьlƣan tuqьm normasьn ɵsirip kɵrsetip, salьnʙaƣan egisti salьndь dep, cacьlmaƣan tuqьmdь cacьldь dep esepke aldь. Bul paktiler naqьz kɵz ʙojavcьlьq, ʙul ykimet çosparьna qarsь ʙaj-qulaq kyresiniŋ ədisi. Bular kec ʙilinip acьldь.

III

Ɵtken çьlƣь egistiŋ osь təçirijʙelerin saʙaq qьlьp 33-çьlь egis cьƣьmьn kɵʙejtyv ycin ʙəlceʙekce kyresyv kerek. Bul negizgi mindetterimizdiŋ ʙiri.

Egistiŋ kɵleminiŋ teŋ çartьsь qazaq qalqozcьlarьniki. Olar çer kəsiʙiniŋ teqnijkesin əli tolьq meŋgerip çetken çoq. Egiske kɵʙi aq çaŋadan ajnalьsqan. Sondьqtan, olar ycin egis cьƣьmdьlьƣьn kɵʙejtyv asa kyrdeli məsele ʙolьp sanaladь.

Bul məseleni durьs cecyv ycin eŋ aldь men agьroteqnijkeni tolьq tyrde pajdalanuv kerek. Qandaj egiske ʙolsa da ər qalqozdьŋ caruvacьlьq, çer-suv ьŋƣajьna,

ave, kyn rajьna qaraj çerdi çьrtqannan ʙastap egindi çьjnap alƣanƣa cejin agьranomdьq ʙilim-teqnijke men yzdiksiz pajdalana ʙaruv kerek. Atap ajtqanda: seʙoaʙarot çyrgizyv, egisti kytyv, aram cɵpterden tazalav, tuqьmdь dərilep, tazalap seʙyv, zьjandь çəndik pen kyresyv, çer suvlandьruv, arьq tazalav, qar toqtatuv, taƣь osьndajlar. Agьranomdьq—ʙilim—teqnijkeni qoldanʙaj eginniꞑ tysimin kɵʙejtemin dep ojlavƣa ʙolmajdь. Sondьqtan agьranomdьq-ʙilim-teqnijkeni qalьꞑ kɵpke yjretyvge ʙar kycti saluv kerek. Bul çumьs uja, səʙet, kəmsamol qalqoz ʙascьlarьnьꞑ çurtcьlьƣьnьꞑ mindeti.

Çospardь avdan icinde ər-ʙir qalqozdarƣa, olardьꞑ ɵndiris kyci men sanasьp qandaj agьro-teqnijkeni meꞑgerip iske asьra alatьndьƣь men eseptesip, ʙɵlip ʙerip çyrgizyv kerek.

Qalqozƣa ʙerilgen çospar onьꞑ ər ʙir ɵndiris ʙirigədisindegi çumьs taravlarьn kɵrsetip ʙerilse ƣana durьs çospar ʙoladь. Ol çospardь ʙirigədi adamdarь surьptalsa, ʙirigədi yvcəskege ʙekilse, ʙirigədi icinde çumьs çavapkerligi durьs ujьmdastьrьlsa, çumьs normasь çasalsa, yvcəske çaqdajьna qaraj seʙooʙorot agьro-teqnijke caralarь kɵrsetilse, mədenij-aƣartuv çumьsьnьꞑ çosparь çasalsa, isteletin çumьslьꞑ kesimdi vaqьtь çasalsa, eꞑʙektiꞑ satsьjaldьq ədisteri tolьq qoldanьlsa ƣana orьndap cьƣuv mymkin.

Bьjьlƣь çьlь ykimet tarapьnan ec ʙir tuqьm ʙerilmejdi. Astьq dajьndav çosparьn orьndasь men aq ʙarlьq partьja, keꞑes, kəmsamol, qalqoz orьndarь, çer mekemeleri tezinen çosparda kɵrsetilgen egisine tuqьm dajьndasьn. Qalqozdarda tuqьmdь ʙirinci peʙiralƣa dejin çьjnap ʙitiryv, çьjnalƣan tuqьmdь çaqsь saqtav kerek. Egiske kerekti məcijne-sajman, oƣan kerekti zapas tetikteri, majь, kɵlik, onьꞑ çemi-azьƣь, tuqьm-saqtьq qorь, çer ьꞑƣajlav, tuqьm tazalav, arьq tazalav, taƣь osь sekildi dajьndьq osь kezden qolƣa alьnsьn.

IV

Egis taqdirin qalqoz qurьlьsь cecedi. Pilenym ʙarlьq qalqozdarda eꞑʙek eseʙi çəji tekserilsin dep tapsьrdь. Egerde qalqozdьꞑ əkimcilik çumьsьnda, ʙasqa çaʙajь çumьsьnda çyrgenderge eꞑʙek kyni artьq çazьlьp qojьlƣan ʙolsa, olar sьzьlьp tastalsьn. Munьꞑ ystine qalqoz ɵndiris çumьsьnda qol çumьs istep çyrgenderdiꞑ taʙьsь kɵterilsin. Syjtip qalqozdьꞑ eseʙin tərtipke keltirip taʙьs ʙɵlisi ʙirinci peʙiraldan qaldьrmaj ʙitirilsin-dedi pilenym.

Qalqoz qurьlьsьnьꞑ kyrdelisi-qalqozdьꞑ çumьs yvcəskesinde ʙɵlek qural—sajman, ʙɵlek tuqьm çaʙdьqtarь men qamtamasьz etip, Ortalьq partьja kɵmijtetiniꞑ 32-çьlƣь 4/II-cьƣarƣana qavlьsna səjkestep ʙirigədi quruv. Birigədi ʙьjьlƣь çьlь çumьs çasaƣan yvcəskesinde alda da istemek.

Qalqoz ɵndirisin ujьmdastьruv, qalqoz çurtcьlьƣьnьꞑ nazarьn egis cьƣьmdьlьƣьn kɵteryv, agьranomdьq ʙilim-teqnijkelerin çyrgizyv məselesine avdarьp, ʙaj-qulaqtarƣa qarsь kyreste ʙascьlьq çasav məcijne-tьraktьr ьstansalarьna çykteledi. M. T-S-tar egistiꞑ 35-40 pursentin saladь, sondьqtan egiske tuqьm, kɵlik dajьndap, əsirese tьraktьrlardь tyzep, çumьs keziꞑde çumьsqa tьraktьr kyci men kɵlik kycin pajdalanuvdь çalƣastьruvь kerek: usaq çumьsqa tьraktьr pajdalanuvdь toqtatuv kerek. M. T. S-qaravьndaƣь qalqozdardьꞑ egis çumьsьna M. T. S-ʙascьlьƣь asa kycejsin.

V

Satsьjaldьq sektirdiꞑ egisi-98% ʙolsada çeke caruvalardьnda egis çosparьnьꞑ orьndaluvьna partьja, keꞑes orьndarь kɵꞑil salsьn. Olardьꞑ egis kɵlemi 415 mьꞑ gektir.

Kɵcpeli, cala kɵcpeli avdandardьꞑ egisi ʙasqa avdandardan az ʙolsada, ol avdanadardьꞑ ɵzderine az emes. Kɵcpeli, cala kɵcpeli eldiꞑ taƣdirin cecetin mal caruvasьnьꞑ ɵrkendevine qor ʙolatьn osь egis. Birinci rette—ol avdandarda Ortalьq partьja kəmijtetiniꞑ 17—sentəʙirdegi qavlьsьn çyzege asьruv çenindegi çumьstar tezinen orьndalsьn. Ekinci-tuqьm dajьndav qamtamasьz etilsin, ykimetten otьrьqcьlanatьn elge ʙerilgen tuqьm tolьq, durьs, pajdalanьlsьn. Ycinci-egiske kerekti çer kesilip ʙerilsin, egerde çaramdь çer avdanda ʙolmasa kɵrci avdannan ʙolsada kesilip ʙe-

rilsin. Tɵrtinci-ʙul avdandarƣa qalqozdьꞑ ьꞑƣajlь tyri-ʙirlesip egin saluv, cɵp caʙuv seriktigin /TOZ/ ɵrkendetip, ɵsiryv-partьja ujьmь, keꞑes, qalqoz orьndarьnьꞑ negizgi mindeti.

Sapqozdar aldьnda iri mindetter tur. Agьranomdьq ʙilim-teqnijkelerin pajdalanьp seʙo-oʙorot engizyv, kɵlik-məcijne-sajmandar qorьn pajdalanьp, qьzmet kycin çumьs taravlarьna ʙɵlip, egistegi çumьsta naqьz ɵnegeli çumьs çasav sapqozdardьꞑ mindeti. Osьlajca çumьs ujьmdastьrƣanda ƣana sapqoz partьja ujьmdarь, çumьscь çurtcьlьqь egis sapasьn kɵterip, egis cьƣьmьn arttьrmaq. Bul mindetter tek ʙolƣanь egin sapqozdarь ƣana emes, mal sapqozdarьnьꞑ, mədenij-ɵsimdik sapqozdarьnьꞑ da mindeti.

Avьl-caruva kadьrь əli kemis; caruvanьꞑ damuvь men qalqoz qurьlьsьnьꞑ tetigine çetimsiz. Sondьqtan, eꞑ aldь men çer-suv, eꞑʙek kemeserijetteri, Oʙlьs atqaruv kəmijtetteri ʙarlьq avdandardь agьranom-zooteqnijk kadьrlarь men qamsьz etsin, ʙarьn avdanƣa çiʙersin, ɵz mamandьƣьnda çumьs istemej çyrgenderdi alьp çiʙersin, kɵrister acьp kadьr dajьndasьn. Qalqozdardaƣь qьzmetkerlerge qozƣalmajtьn çaƣdajlar çasalsьn, olardьꞑ ʙilimi kɵterilsin.

VI

Egis navqanьnьꞑ maꞑьnda tap tartьsь cijelenispek. Baj-qulaqtar qarsьlьq kɵrsetpek, apartunьstardьꞑ ʙarlьq tyrleride ʙasьn kɵteryvleri, tap duspandarь zьjankestik çasavƣa tьrьsьp ʙaƣatьndьƣь davsьz. Partьja ujьmdarь ʙaj-qulaqqa, tap ducpandarьna qarsь kyreske qalqoz çurtcьlьƣьn ujьmdastьrьp kyres aca otьrьp egis çumьsьn ujьmdastьrsьn. Apartoncьldьqtьꞑ oꞑcьl, „solcьl“, ultcьl, ulь orьscьl tyrleri men ajanʙaj kyresip, soqqь ʙersin.

Partьja ujьmdarь kɵpcilik çumьsьn çaꞑa tyr men qajta qursьn. Kɵpcilik tərʙije-mədenij çumьstardь qalqozdьꞑ tɵmengi ʙuvьnьna (izʙeno), yvcəskelik ʙirigədige, permige çetkizsin. Kəmɵnesterdiꞑ kɵʙin, qaçьrlьlarьn ʙirigədige, çumьs orьndarьna qojsьn. Olar aldьꞑƣь qatardan orьn alsьn. Qalqoz ʙelsedileriniꞑ arasьndaƣь kɵpcilik çumьs tyrlerin ɵsirip kycejtsin. Bascьlьƣьn ekpindi çolƣa qojsьn.

**Oquv-mədenijet tuvralь pilenym ne dedi?**

Qazaqьstannьꞑ mədenij qurьlьsьndaƣь taʙьstarь az emes. Bastavьc mektepte oquvcьlar sanь 28-çьlь, 305 mьꞑ edi, 32-çьlь-540 mьꞑ ʙoldь. Orta dərecеli mektepterde 28-ç. 23 mьꞑ, 32-ç.-65 mьꞑ. Qazaqьstan mektepterinde oquv ana tilinde çyredi. Qazaq tilinde oquv quraldarь cьqьp, Pedagogijkelik kadьrlar dajьndalьp çatьr. Əlde nece çoƣarƣь dəreçeli mektepter ʙar. Mədenij tɵꞑkeriste taʙьstar tolьp çatьr. Syjtsede Qazaqьstannьꞑ caruvacьlьq qurьlьsьnьꞑ ekpinindej,-mədenij qurьlьs ekpin ala-alƣan çoq. Caruvacьlьq qurьlьstan mədenij qurьlьs kejin qalьp otьr. Əsirese, sapa çaƣьnan kem. Bastavьc mekteptiꞑ sapa çumьsь keꞑes odaƣьnьꞑ ʙastavьc mektepterinen artta qalƣan. Osьnьꞑ saldarь orta, çoƣarь dəreçeli mektepterdiꞑ ɵrkendevine kedergi ʙoldь. Mədenij qurьlьstьꞑ ilgerilep ɵsyvine kedergi ʙolьp turƣan ʙastavьc mektep.

Pilenym ʙastavьc mektepterdiꞑ sapasьn kɵteryv çɵninde derektip ʙerdi.

Birinci—avdandьq atqaruv kəmijtet çanьnan kəmesije qurьlьp ʙarlьq mektepterdi qarap tekserip, onьꞑ otьn-suvьn, ickisьrtqь çaʙdьƣьn, oquv çajlarьn rettep, tazalьq· tərtiʙin oꞑdasьn. Salьnьp ʙolmaƣan mektepter 1-peʙiraldan qalmaj salьnьp ʙolsьn. Budan ʙьlaj mekteptiꞑ vaqьtьnda salьnьp ʙitpej qaluvь ʙolmasьn. Çaꞑadan salьnatьn mektepterdiꞑ orьndarь kɵrsetilip, ʙudan ʙьlaj mektep saluv çumьsьn ʙasqaratьn avdandьq atqaruv kəmijteti qasьnda pьroraʙьstьʙa ornatьlsьn. Mektep yjlerinde turuvcьlar tezinen cьƣarьlsьn. Mektepterde ycinci ceret pen oqьtuv toqtatьlsьn.

Ekinci-Ortalьq kəmijtettiꞑ derektiʙine syjene otьrьp satsьjaldьq qurьlьstь syvrettejtin maꞑьz engizip mektep purƣьramьn qalьq aƣartuv kəmeserijeti qajta qarap oꞑdasьn, oqьtuv ədisin muƣalimderge yjretsiꞑ, oquv quraldarьndaƣь pedəgɵk çazuvcьlardь çazuvƣa tartsьn. Syjtip oquv quraldarьn tez cьƣarsьn. Bastavьc mektepterge arnalƣan oquv quraldarьn 50 qazaq usaq ult avdandarьna Narkompьros ɵzi tegin taratsьn. Basqa avdandarƣa kinegesentir men kəperetsije taratьp, 20% tegin ʙersin. Oquv quraldarьn mektepterge

vaqьtьnda çetkizsin, qaƣaz karandac sekildi zattar mektepten ʙasqa orьnƣa çumsalьp ketyvge tьjuv salьnsьn, ondaj çasaƣandar çavapqa tartьlsьn. Bastavьc mektepterge oquv təçirijʙesine kerekti quraldar çasajtьn məsteriskəjler aсuv Narkompьros pen Pьromkoperatsьjaƣa çyktelsin.

Ycinci-Bastavьc mekteptiꞑ nacarlьƣьnьꞑ ʙar seʙeʙi-muƣalimderdiꞑ sapasьnьꞑ kemdigi, çana çetimsizdigi. Sondьqtan, Qalьq aƣartuv kəmeserijeti muƣalimderdi tekserip, ʙilimi azdarьn 8 ajlьq kəriste oqьtsьn. Çьl sajьn muƣalimderdi 3 ajlьq kəristen oqьtьp turatьn ʙolsьn. Enispektir arqьlь aƣartuv orьndarь muƣalimderge nusqav, pedagogijkelik çərdem ʙerip tursьn.

Muƣalimge Lenince kəz qarav ʙolsьn, olar yj, tamaq, çal-aqь çaƣьnan muqtaçdьqqa salьnʙasьn. Azьq-tylik çaƣьnan əndiris-orьndarь men qatar qamtamasьz etilsin. Bьrьn muƣalim ʙolƣandar sol çumьsqa qajtarьlsьn. Pijəner ʙoçatьjlar 1-çьlƣa pijəner ətiretterde çumьs istesin.

Tərtinci-Mektepterde tərtip çөninen partьjanьꞑ ʙul tuvralь derektipterin tolьq orьndamaj otьr. Bastavьc mektepterde icki tərtipti, oquv tərtiʙin kəterip, oqьtuv ədisin çoƣarь satьƣa kəteryv kerek. Mektepte muƣalim ʙascьlьq orьn alsьn. Saʙaq reti men çyrsin. Oquv purƣьramьn tolьq orьndav çavdьƣь çasalsьn. Oquvcьlar oquvƣa, oqьƣan saʙaqqa çavaptь ʙolsьn. Muƣalim oquvcьlarƣa kəmenestik tərʙije ʙeretin ʙolsьn; ʙulardь kəllektiptikke yjretip dinge qarsь salt-sana siꞑirip, enternatsanaldьq tərʙije ʙerilsin. Purьltarьjatqa qarsь salt-sanalar men kyresti kycejtyv kerek. Mektepte pijənerler çumьsь kycejsin. Qazaq qьzdarь oquvƣa tartьlsьn.

Mektep pəlijteqnijke çolьna salьnsьn. Caruva mekemeleri mektepterde məsteriskəjlar, eꞑʙek ʙəlmelerin quruvdь mojьndarьna alƣan carttarьn orьndasьn. Mektepte oquv men çumьs təçirijʙesi ʙajlanьstь çyrsin degen derektiʙi orьndalsьn.

Besinci—aƣartuv kəmeserijeti, partьja orьndarь mektepke ʙascьlьqtь kycejtsin. Mektepke kyndelik ʙascьlьq çumьsьn çasap otьratьn ər-ʙir avdanda mektep kəmesijesi qurьlsьn. Mektep çumьsьn çandandьruvƣa çurtcьlьq nazarь avdarьlsьn. Oquvcьlardьꞑ tuvьsqandarь çurtcьlьƣь tartьlsьn. Mektep keꞑesi, çalpь oquv kəmijteti çumьstarь kycejsin. Mektep məselesindegi apartunistik, əsiresé, eski mektep saqtalьp qalsьn, dep oquv men təçiriʙe ʙirdej çyretin ədiske qarsьlьq kərsetetin oncьldьq pen ajavsьz kyresilsin. Mektep çoƣalatьn vaqьt çetti dejtin solaqaj-apartonistik pen kyres acьlьp soqqь ʙerilsin.

Çalpь mədenijet qurьlьsьnьꞑ da mektep çumьstarьnьꞑ ʙar taravlarьna da partьja ujьmdarь ʙəlceʙekce ʙascьlьq çasap, ʙul çoldaƣь tap talasьna qalьꞑ ʙuqara çurtcьlьƣьn tartьp, avьl-dereʙnede mədenij qurьlьstь ilgerиletyv mindetterin, partьjanьꞑ sara çolьn nьq çyrgizsin.

**Pilenym keꞑes savdasь çөninen ne dedi?**

Keꞑes savdasьn ujьmdastьruv, keꞑ qoldь tavar əndiryv çөnindegi əlkelik partьja kəmijtetiniꞑ IV-pilenyminiꞑ derektipteri əli orьndalƣan çoq. Savda orьndarьnda tavardь saqtap ʙazarƣa cьƣarmavcьlьq, ʙəlgende teriꞑ ʙəletindik, qalqozda tizim men tavar ʙeretindik, satuvcь dyken, larəktarda urlьq, dynije cacuvcьlьq ʙar. Onь men kyres caʙan. Teꞑ qoldь tavar əndiryv çөninde Narkomlegpьrom, Narkomteçpьrom, Narkomьsnap, Pьromkapertsьja çumьstarь əli qanaƣatsьz. Keꞑes savdasьn ujьmdastьruvƣa partьja orьndarьnda salqьn qarajtьndьq ʙar.

Partьja ujьmdarь, kəperatsьja, savda orьndarь keꞑes savdasьn ərkendetyvge, keꞑ qoldь tavar əndiryvge asa nazar salsьn. Savda dykenderindegi urlьq, mylik cacuvcьlьq pen kyreske çurtcьlьq nazarь avdarьlsьn. Ortalьq kəmijtettiꞑ 7-aƣustaƣь zaꞑь qoldanьlьp kyres acьlsьn. Tavar taratatьn orьndar çumьsь qajta qurьlsьn. Keꞑ qoldь tavardь əndiryv çumьsь kycejsin, kəperetip savda orьndarь, usaq əndirister, usaq ənerli kəsip kəperetipteri çergilikiti qor tavьp əndiristegi yvtelderdi (qoqьr, qaldьq) tavar çasavƣa pajdalanьlsьn. Əsirese, toqьma teri əndiristeriniꞑ yvtelderi pajdaƣa asьrьlsьn. Qol ʙeʙerligi ərtelderiniꞑ keꞑ qoldь tavar əndiryvine kəmek-ʙascьlьq kərsetilsin, ərtelderge əndiris orьndarь əzderi pajdaƣa asьra almaj-

tьn zattarьn вersin. Iri өndirister keņ qoldь tavar çasajtьn seqter ujьmdastьrьp artьq-yvtel-zattarьn pajdaqa asьrsьn.

Partьja ujьmdarь keņes savdasьn qurьp, keņ qoldь tavar өndiryv çumьsьna вaqa вermevcilik pen kyressin. Bul çөnindegi apartonijzimniņ qaj tyrine вolsa da soqqь вerilsin.

Pilenym derektipterin qalqozdьq ujalar avьl kәmөnesteri, eņвekci вuqaraqa durьs tysindirip, qolma qol caralar istep çumьsqa kirisyvge kөpcilikti ujьmdastьra вilsin.

Өserвaj ulь B.

# Sьrttan oqьtuv tuvralь ne вilyv kerek?

Kəzirgi satsьjaldь qurьlьstьn damuvь kadьr dajьndavdь өte kerek etip tur. Sol seвepli partьja men ykimet kadьr dajьndavqa artьqca kөnil вөlip, oquv çumьsьn kycejtip otьr. Kadьr dajьndavdьn ken вir tyri-sьrttan oqьtьp dajьndav; вunьn çaqsь çeri, çumьscьlarqa, qolqozcьlarqa өndiriste çyrgende təçirijвe çumьsь men вajlanьstьra otьrьp вilim aluvqa, вilimin kөteryvge вoladь. Өlkelik partьja kəmijteti sьrttan oqьtьp kadьr dajьndavdь qolqa alьp otьr. Qazaqьstanda Mərkis-Lenin tərвijesin alqan kəmөnester, kəmsamoldar avьlda өte az. Sapqoz, qalqozdaqь kəmөnes, kamsamoldarьmьzdьn Mərkis-Lenin tərвijesi men вilimderin kөteryvdi kəzirgi satsьjaldь qurьlьs kerek etip otьr. Вuqan dejin Qazaqьstanda sьrttan oquv nacar вolьp keldi. Kej вir partьja myceleri вuqan durьs вaqa вermej keldi. Mundaj kөz qaras myldem zьjan. Вudan вьlaj вundajlarqa çol вermev kerek. Sьrttan oquvdь en çoqarqь satьqa kөteryv kerek. Qazaqьstanda kəzir sьrttan oquvdьn mьna tyri вar.:

1. Sьrttan oqьtatьn kəmөnes yniвeristeti.
2. Kəmsamol yniвeristeti.
3. Kenes partьja mekteвi.
4. Radьjo arqьlь вeriletin partьja вelsendileri ycin вastavьc partьja mekteвi.

Oqьtuvcьlar, agьranomdar, mal, adam doqterlarьn dajьndajtьn, taqь tyrli sьrttan oqьtatьn ynistetytter, teknijkөmder вar..

### Вularqa kimder qalaj kiredi?.

Ər вir partьja mycesi, kamsamoldar өzderinin ujalarьna arьz вeryv kerek. Uja onь avdandьq partьja kəmijtetine çiвeredi. Avdandьq partьja kəmijteti qarap, qaj mektepke tijisti ekenin вelgilep soqan çiвeredi. Çiвergen mekteвi arьzьn qarap alьnqan alьnвaqanьn qaвarlandьradь. Alьnqan вolsa tijisti oquv quraldarьn çiвeredi. Qalaj oquv kerek ekenin ajtьp вeredi. Вasqa sьrttan oquv mektepterine tysem devciler Avdandьq oquv вөlimderi men вajlanьs çasajdь.

### Oquvcьlarqa qandaj çenildik вeriledi?.

Ortalьq partьja kəmijtetinin 1929-çьlqь 16-өktəвirde, 1932-çьlqь 7-aqustaqь qavlьlarь вojьnca ər 10 kynde 4 kecti partьja oquvьna вeryv, вasqa çumьs istemev kerek. Dem alьs kyninen вasqa ajьna eki kyn men pajdalanuv kerek. Qortьndь kөnperensijege, çana вastavьc kөnperensijege caqьrьlqanda, oquvcь sol kөnperensijelerde вolqan kynderinin enвek aqьларьn qьzьmet istep çyrgen orьndarьnan aladь. Avdandьq partьja kəmijteti tijisti mekemeler arqьlь oquvcьlardьn вul pursattar men tolьq pajdalanuvьn çyzege asьrьp otьradь.

### Oquvcьlar qandaj mindet atqaradь?

Ər вir oquvcь oquvqa tyskende, өzine tijisti purqьramanь, tapsьrmanь aladь. Radьjo leksijenin raspьjsanьjasьn aladь. Qaj kyni, qaj vaqьtta radijo-leksije oqьlatьnьn əвden вilip aladь. Sonь yzвej tьndav kerek. Tьndavcь вergen tapsьrmanь tygel oquvqa, orьndavqa mindetti. Вir kөriste 12 tapsьrmanь çazьp tijisti çavaвьn вerip, sol oqьqan mekteвine tapsьruvqa mindetti, onь muqalim вaqa вerip, өzine qajtaradь.

### Вastavьc kөnperensije kimderge вoladь?

Вastavьc kөnperensije çana kirgen oquvcьlardьn вərine arnaladь. Onь ər mektep өzi caqьradь, syregi 5-10 kyndik вoladь. Onda oquv ədisi men tanьstьradь. Kitaptь qalaj pajdalana вilyvdi yjretedi; oquv quraldarь men tegis tanьstьradь. Tapsьrmanь oquvcьlarqa istetip, kөm çerin kөrsetedi. Təçirijвe men вajlanьstьruvdьn anьq tyrin kөrsetedi. En aqьrьnda вarlьq oquv çosparь men tanьsadь.

Ekinci çaqьnan вajlar qalqozdьn̡ malьna, mylkine ije воlьp aloqasьn əlsin—əli qalqozdьn̡, malьn sojьp kəmɵnesterdi qonaq etip araq вerip qoldarьna qural çasap otьrqan. Sonь men tyrli sajasьj navqandar orьndalmaqan.

**3—„Qocpamвet“ qalqozьnьn̡ çanьndaqь partьja ujasьnьn̡ tazalavь.**

Bul ujada da tizim вojьnca 12 kəmɵnes вola tursa da avruvь-3, əlde qacan вasqa ujaqa сьqьp ketkeni-2, вasqa Kastek rajonьnda çyrgeni-1, sottan qьlmьstь воlьp qacqanь-2. Sonь men tazalavqa tyskeni—5. Tazalav nətijçesinde partьjadan сьqarьlqanь-2. Ujanьn̡ sajasьj qalь çoqarьdaqь ajtьlqan „Ekpindi“ partьja ujasьnьn̡ qalь men вirdej. Çeke partьja mycesəvdeger Ospan ulь, Batьrekej uldarь arqьlь Almatьqa 149 put astьq satqan.

Qaraвaj ulь degen вajdь qalqozqa alьp avьl kəperetiвine вastьq etip qojqan. Bu-rьnqь opьraвijtil Dosьm ulьn çana Mustapa ulь degen вajdь qalqozqa alqan. Partьjanьn̡ sonьnan воlqan qatcьsь Orazьmвet ulь Serkeвaj ulь degen moldanь qalqozqa alьp qalqozdьn̡ mal çaruvacьlьqьn вasqaratьn etip taqajьndaqan, ol qalqozcьlarqa ustalaвaj acam degen воlьp qalqozdьn̡ 6117 somьn çep qojqan. Serkeвaj ulь kəmɵnesterdi qonaq etip araq вerip sьjlap otьrqan. Bulardьn̡ qьlmьstarь acьla вastaqan. Uja qatcьsь Orazьmвet ulь, Espol ulь, Qaraвaj ulь, Serkeвaj ulь degen вajlardь caqьrьp alьp ken̡esip qoldarьna



Cimkent zavьtьnda qorqasьnьn̡ вaqьlap qujьlьluv kɵrinisi.

lerinin̡ вajlar men вajlanьs çasavь, mas kynemdikke salьnuvь, вajlardь qalqozqa aluv, qalqoz malьn cacuv, вajlardьn qolьna qaqaz вerip qacьrьp çiвeryv sьjaqtьlar.

Dəlel: „Qocpamвet“ qalqozь eki ruvdan quralqan вiri—1) „Çanaq“, 2) „Espemвet“, вul eki ruvdь çaqtavcь ruv вasьlarь kəmɵnes Ocaqpaj ulь, Bekturqan ulь, Orazьmвet ulь воlqan. Bular ruvcьldьqtь çaqtap ɵz ruvlarьnan сьqqan вajlardь, moldalardь çaqtap qalqozqa alqan. Mьsalь: parьja ujasьnьn̡ qatcьsь Ocaqpaj ulь Keltiвaj ulь degen вaj men вirigip Almatьdaqь qaqaz вerip Qьrqьzьstanqa qacьrьp çiвergen. Bajlardьn̡ mal çojuvь mьnadaj: osь 32-çьl əpirel ajьnda qalqozda 229 sьjьr, 425 qoj, 219 çьlqь, qazir 154 sьjьr, 174 qoj, 136 çьlqь qalьp otьr.

Ocaqpaj ulь, Sylejmen ulь, Dalaвaj uldarьna qalqozdan qaqaz вerip Qьrqьzьstanqa qacьrьp çiвergen. Cuvaq ulь degen kəmɵnes muqalim qalqozqa kelgen tavarlardь вajlar men вirge вɵlisip alьp otьrqan. Bekturqan ulь qalqoz aqcasьn qartaqa utьrqan. Sonь men sajasьj navqanqa вascьlьq çasavdьn̡ ornьna вajlarqa soqьr

qural bolьp ketip astьq çosparьnьn orьndaluvьna olqьlьq keltirgen.

Qortьndь:

1) Bajlar-qulaqtar ruvcьldьqtь-aqajьncьldьqtь qural etip, çeke partьja myceleriŋe ьqpaldarьn çyrgizip, ruv talasьn qozdьrьp, astьqtь satьp, çojьp, qalqoz maldarьn çojьp tyrli sajasьj-caruvacьlьq navqandarqa kesel keltirip otьrqan.

2) Bajlar qacьp Qьrqьzьstanqa çьjnalьp ondaqь Alac-ordalar men bajlanьs çasap eldi kөcyvge ygittegen.

3) Bulardьn barlьqьnьn sebebi avdandьq partьja kəmijtetinin partьja ujalarьna çolbascьlьqьnьn kemdigi, kөpcilik çumьsьnьn çoqtьqь, sajasьj tərbijenin çoqtьqь. Partьja ujalarьnьn çumьsьnьn IV—pilenymnin qavlьsь bojьnca qajta qurьlmaqandьqь.

Partьja ujasьnda bir dana ustap, bir dana kəzet çoq. Kəzet qalqozqa taralmajdь eken. Kəmөnesterdin sajasьj çana qol savatьnьn çoqtьqь taqь basqalar.

Bolacaqta usьnьs: 1) Partьja ujalarь çumьsьna tekseryv çasap, Өlkelik partьja kəmijtetinin IV-pilenym qavlьsь ajtqan çumьstь qajta quruvqa kөnil bөlyv.

2) Partьja çol bascьlьqьn kycejtip ujalar men çandь qatnastь kycejtyv, tərbije çumьsьn kycejtyv, sajasьj mektep acьp kəmөnesterdin sajasьj çana qol savatьn acuvqa zer saluv, uzaq syrekke ygit guruvppasьn çiberyv.

3) Əsirese partьja ujalarьnьn qatcьlarьn dajьndavqa kөnil bөlyv. Ər-bir navqan aldьnan partьja ujalarьnьn qatcьlarьnьn qatnasь men nusqav çьjьlьstarьn өtkizip turuv.

4) Avdandaqь partьja belsendilerin ər bir ujaqa bekitip qojuv, partьja ustavь men qamsьzdandьruv, uja basь sajьn kəzet çornal taratuv.

5) Osь partьja tazalav qortьndьsьn ər bir ujalarda talqьlavlarь kerek.

Sarьʙaj ulь Ƣaʙijt.

# „Qocpamʙet“, „Ekpindi“ qalqozdarьndaƣь partьja ujalarьnьꞑ tazalav qortьndьsьnan neni kөremiz

Ile avdanьndaƣь „Qocpamʙet“ çana „Ekpindi“ qalqozdarьnьꞑ partьja ujasьnьꞑ sajasьj çol ʙascьlьƣь ʙolmaƣan. Çeke partьja myceleri ʙajlardьꞑ ьqpalьna erip, ʙajlardьꞑ ygiti men partьja men ykimettiꞑ derektiʙin orьndavƣa kesel çasaƣan. Sonьꞑ arqasьnda astьq dajьndav çosparь orьndalmaj olqьlьqqa ucьraƣan. Qalqozdь ujьmdastьruv-caruvacьlьq çaƣьnan nьƣajtuv degen ykimet pen partьjanьꞑ derektiʙin eskerilmegen. Qalqoz malьn satьp, sojьp çojuv sьjaqtь surqьja qьlmьstь çumьstar kөp ʙolƣan. Mundaj çaramsьz çaƣdajlardь eskerip, Oʙlьstьq ʙaqьlav kəmesijesi partьja icine kirip ketken partьjaƣa çat adamdardь tazartuv kerekti dep tavьp məseleni Өlkelik ʙaqьlav kəmesijesiniꞑ aldьna qojƣan ʙolatьn. Biraq ʙul ujalarda tazalav çumьsь çyrgiziletindigi ʙelgili ʙola tursada rajondьq partьja kəmijteti aldьn ala dajarlьq çumьsьn çyrgizyvge, partьjanь çat adamdardan tazalavdьꞑ məniꞑ uƣьndьruvƣa kөꞑil ʙөlmegen. Өlkelik ʙaqьlav kəmesijesiniꞑ çiʙergen kəmesijesine orьnƣa ʙaruv men qatar aldьn ala dajarlьq, uƣьnьs çumьsьn çyrgizyvge tuvra keldi.

**„Ekpindi“ qalqozьnьꞑ çanьndaƣь partьja ujasьnьꞑ tazalavь:**

Birinci uja çumьsьna tekseryv çasalьp, odan kejin ujanьꞑ acьq çьjnalьsьnda ʙujranьꞑ esepti ʙajandamasьn tьꞑdap uja çumьsьna sajasьj ʙaƣa ʙerilgenniꞑ soꞑьnda, tazalavdьꞑ negizgi maqsatьn, çeke kəmөnesterdiꞑ qьlmьstarьn ʙajandama çasap tolьq uƣьnьs çasalƣannьꞑ soꞑьnda çeke kəmөnesterdi tazalavƣa kirisildi. „Ekpindi“ partьja ujasьnda tizim ʙojьnca kəmөnesi—12, ʙulardan partьja mycesi-4, ʙasqalarь kandijdat. Biraq kəmөnesterdiꞑ ʙiri qalqoz malьn cacqandьƣь ycin 10 çьlƣa kesilgen. Ekevi qьlmьstь ʙolьp tergev orьnьnan qacьp ketken. Sonь men tazalavƣa tyskeni-9 kəmөnes ʙoldь. Partьjadan cьƣarьlƣanь--2, Sөgis ʙerilgeni—3.

Partьja ujasьnьꞑ qalь: partьja ujasьnda sajasьj çol ʙascьlьq ʙolmaƣan. 9 kəmөnesten өndiriste istejtini tek-qana 3. Өndiriste kəmөnesterdiꞑ ʙascьlьq çumьsь çoq. Satsьjaldьq çarьs, ekpindilik degen çoq. Kөpcilik çumьsь, tərʙije çumьstarь ʙolmaƣan. Tek quraq əkimcilikke salьnƣan. Kej ʙir çeke kəmөnester ruvcьldьqqa ʙerilip ʙajlar men avьz çalasьp, ʙajlardьꞑ ьqpalьna erip ketken. Mas kyməndikke salьnƣan, kənpeskeleꞑgen ʙajlardь çasьrьp qalqozƣa alƣan, ʙajlardьꞑ soqьr quralь ʙolьp ketken. Sonьꞑ arqasьnda astьq çosparь orьndalmaƣan- qalqozdьꞑ malь çojьlƣan.

Dəlel: „Ekpindi“ qalqozь eki ruvdan quralƣan ʙiri 1) „Bajtiles“ 2) „Pьcьq-Çumьq“. Bajtiles ruvьn çaqtavcь kəmөnes Bazarʙaj ulь ʙolsa, Pьcьq-Çumьq ruv ʙastavьcь partьja ujasьnьꞑ qatcьsь Medet ulь Arьstanʙek ʙolƣan. Bul uja qatcьsь Medet ulь men qalqoz ʙastьƣь Bazarʙaj ulь ʙiriniꞑ ʙiri qьlmьsьn ajtpavƣa sөjlesip, өz ruvlarьnan cьqqan ʙajlarьn çasьruvƣa vədelesken. Qaramьrza ulь degen ʙajdь qalqozdьꞑ pьraʙlenijesine alƣan. 1928-çьlь kənpeskelenip qacьp çyrgen Kecyvʙaj ulьn çana 1931-çьlь kənpeskelengen Tajçan ulьn qalqozƣa alьp qalqozdьꞑ çumьsьna qosqan. Amangeldi ulь Batьrʙek ulь degen ʙajdь qalqozƣa alьp qalqozdьꞑ çьlqьsьn ʙaqtьrьp qojƣan, ol ʙir talaj çьlqьnь urlap satьp çiʙergen. Almatьdaƣь Cadьraj ulь çana Eʙiʙaj ulь degen moldalar ruvcьldьqtь qural etip ruvlas Ьrьsqul ulь, Ьjmangeldi ulь, Bujra ulь, Talьp ulь degen qalqozcьlardь pajdalanьp sьrttaj qalqozƣa myce ʙolьp çazьlьp əligi aƣajьn tuvьsqandarь arqьlь ʙьjdaj urlatьp aldьrьp Almatьdaƣь səvdegerlerge sattьrьp otьrƣan.

**Qortьndь kənperənsijege kimder caqьrьladь?**

Buqan qatьnasatьndar sьrttan oqьtatьn mekteptin, kərisinin bergen sabaqtarьn tegis tьndaqandar. Bergen mindettemelerdi bitirgender çəne 12 mindettemeden 6-7 in bitirgender. Mindettemelerdi bitirmegen—der, kejin tegis bitiretin bolьp mindettenedi. Kənperensede berilgen mindettemelerdin qalaj orьndalqanь tekseriledi. Oquvcьlardьn Mərkis-Lenin-Ьstalьn teorijalsin qalaj bilgenin bajqajdь. 12 mindettemeni orьndap tapsьrqandardь çoqarqь bəlimge cьqaradь.

**Mindettemeni qalaj pajdalanuv kerek?**

Oquvcьlar bergen tapsьrmanьn, mindettemenin bet acarьn çaqsьlap oqьp, kərsetken ədisti çaqsьlap tysinyvi kerek. Tysinbegen nərselerin çazьp alьp biletin kisiden surap aluv kerek.

**Kenes beryv çumьsь qalaj boladь?**

Bul ər bir sьrttan oquv çumьsь bar sapqoz, iri qalqoz, avdandьq partьja kəmijteti çanьnda boladь.

Kenes beryvdin bir nece tyri boladь. Birinci-muqalim oquvcьlardьn tysinbegen çerin çeke alьp otьrьp tysindiredi. Ekinci-oquvcьlar surasa, qat arqьlь tysindiredi. Radьjo arqьlьda beredi. Bul oquvcьlardьn belsendiligin kəteredi. Oquvqa kəp çenildik beredi.

Osьlardь atqaruv ycin oquvcьlardьn əz ara satsьjaldь çarьsqa tysyvi kerek. Ekpindi boluv kerek. Mektep pen mektep arasьnda satsьjaldьq çarьs boluv kerek. Əz ara sьndь kycejtyv kerek.

Lepes ulь S.

# Mektep tuvralь tarьjqь yc djkyment.

Ortalьq partьja kəmijtetiniꞑ osь çьlь, aƣustьꞑ 25 de"ʙastavьc çəne orta dəreçeli mektepterde oquv pьrƣьramь men tərtip tuvralь,, qavlьsь cьqtь. Ortalьq kəmijtettiꞑ ʙudan ʙurьnda mektep tuvralь eki qavlьsь cьƣьp edi. Biri 1930-çьlь çalpь ʙastavьc oquvdь çyrgizyv tuvralь, taƣь ʙiri 1931-çьlь 5-sentəʙirde ʙastavьc çəne orta dəreçeli mektep tuvralь. Bul yc qavlьnь avьl kəmөnesteri çaqsь ʙilip aluvlarь kerek. Osь qavlьlar men ʙirge Qazaqьstan mektepteriniꞑ çaƣdajlarьn eske alьp, Өlkelik partьja kəmijtetide qavlь cьƣarьp, orьndarƣa qat çazьp, çөn kөrsetip otьrƣan ʙolatьn. Bulardьda avьl kəmөnesteri, əsirese, muƣalimder çaqsь ʙilip aluvlarь kerek. Avьl kəmөnesteriniꞑ ʙir kemciligi sol,-olar partьja sijezi, kənperensije, pilenymderiniꞑ cьƣarƣan qavlьlarьn oqьp, sol arqьlь partьja өmiri men tanьs ʙolьp otьrmajdь. Ərijne, ʙul çaqsь ədet emes. Mundaj ədet pen kisi sajasattan sьrt qaladь. Avьl kəmөnesteri əsirese mьna mektep tuvralь qavlьlardь ʙilip aluvь kerek. Yjitkeni olar avьlda oquv çumьsьn ujьmdastьruvƣa ʙelsene qatьnasuvƣa mindetti. Өzi ʙilip almaƣan kisi ʙelsene qatьnasьp ne өndirmek.

Çoƣarьda kөrsetilgn yc qavlьnьꞑ tarьjqь maꞑьzь asa zor.

Burьn mektep ʙajlar taʙьnьꞑ quralь ʙolƣan ʙolsa, kəzirgi vaqьtta, satsьjalijzim ornatьp çatqan dəvirde purьltarьjat dektatuvrasь tusьnda, taptardь çojьp, tolьq satsьjalijzim ornatuv çumьsь qolƣa alьnьp otьr. Satsьjalijzim ornatuv çөninde Ortalьq kəmijtettiꞑ ʙul qavlьsь iri qural ʙoladь. Osь kezde kөpcilik mektetepteri (ʙastavьc çəne orta dəreçeli mektepter) mədenijet tөꞑkerisiniꞑ ʙuvьndь çeri ʙolьp tur.

Bulardьꞑ kemcilikterin çojuv ycin partьja da, ykimet de, ʙykil eꞑʙekciler çurtcьlьƣьda kyresyvde. Bul kyreste olçada çoq emes. Iri-iri taʙьstar ʙar. Munь Ortalьq partьja kəmijteti өtken çьlƣь, 5-sentəʙirdegi qavlьsьnda ʙьlaj degen:

„Mektepterdi kөʙejtip, olardьꞑ çumьstarьn qajta quruv çөninde purьltarьjat ykimetiniꞑ tapqan iri taʙьstarь ʙar. Oquvcьlar sanь 1914-çьlь 7 mylijen 900 mьꞑ ʙolsa, 1931—çьlь 20 mylijenge çetti. Oquvcьlardьꞑ ata-tegi çaƣь myldem өzgerdi; avьl caruvalarь, qaladaƣь çumьscьlar ʙurьn ʙalalarьn mektepke kirgizip oqьta almaƣan ʙolsa, endi osь kynde oquvcь ʙalalar tygeli men solardiki ʙoldь. Burьn ezilgen eꞑ artta qalƣan ulttar өzderi mektep acьp, ʙalalarьn ana tilinde oqьtuvda. Kəzir oquv 70 tilde çyrgiziledi.."

„Mektepterdiꞑ çumьstarь mazmun çөninen mylde ʙasqaca ʙoldь" degen.

Buƣan ajƣaqtь daladan izdevdiꞑ qaçeti çoq. Qazaqьstannьꞑ өzi ʙuƣan çaqsь dəlel. Burьn ʙirde mekteʙi ʙolmaƣan ʙolsa, kəzir ər avьldьꞑ өzinde ʙir neceden mektep ʙar. Olardьꞑ ʙərinde de qolqozcьlardьꞑ, kedejlerdiꞑ, ortacanьꞑ ʙalalarь oqьjdь. Qalalarda da solaj. Bastavьc mektepter men orta dəreçeli mektepterde tygil, çoƣarƣь dəreçeli mektepterde de qazaq tilinde saʙaq ʙeriledi. Qazaq ʙalalarьnьꞑ ʙurьnƣьdaj moldalarƣa ʙarьp, ʙasьn ajnaldьrьp mьjьn qacьruvь qaldь, kəzir pəlijteqnijkeli çyje negizine qurьlƣan Mərkis, Engilis, Lenin, Ьstalin mektepterinde oqьp, ilezde dynije tanьp, tyrli ceʙerlikke yjrenip, mektepte alƣan ʙilimdi təçirijʙe men ʙajlanьstьrьp yjrenip, kəmөnijzim ruvqьnda tərʙijelenyvde, satsьjaldьq qurьlьsьna ʙelsene qatьnasuvda.

Ortalьq partьja kəmijtetiniꞑ өtken çьlƣь 5-sentəʙirdegi qavlьsь, onan kejin Qazaqьstan Өlkelik partьja kəmijtetiniꞑ өktəʙirdegi qavlьsь Qazaqьstanda pəleteqnijkeli mektep qurьp, mektep çөnindegi tyrli ava çajьluvcьlьq pen, teris çoldar men, alac-orda, Saduvaqasьpcьldьq pen kyresyv çөninde durьs çolƣa salьp çөn siltep ʙergen edi. Sonan ʙeri Qazaqьstan ʙykil Keꞑester odaƣь men ʙirge pəlijteqnijkeli purьlt rьjat mekteʙi ycin kyresyvde.

Mekteptege oquv çumьsь, oqьtuvcь men oquvcь cakьrt ekeviniꞑ ʙajlanьsь, ʙalalardьꞑ tyrli өzgecelikterin eske aluv, tərtip, qural, purƣьram sьjaqtь məselelerdiꞑ ʙəride qajta qaralьp, çaꞑa negizge qurьlьp keledi. Bul çөndegi ʙurьnƣь Alac ordacьl, Saduvaqasьpcьl təçirijʙeler çojьlьp, Mərkis-Lenin çolь өris alьp ʙaradь.

### Tarьjqь altь cart.

Ortalьq kəmijtet өzinin өtken çьlƣь qavьlьsьnda oquv ʙөlimderiniꞑ çəne çalpь partьjaçurtcьlьƣь aldьna 6 tyrli negizgi mindet qojьp edi. Sonь qalaj orьndadьq, taldap ajtajьq.

B i r i n c i-çəne eꞑ negizgi-Ortalьq partьja kəmijtetiniꞑ tapsьrƣanь mekteptin „n e g i z g i k e m c i l i g i n" çojuv ʙolatьn. Aldь men tysinip aluv kerek, M e k t e p-



Balqactьn pastьrojkisinin ekpindi çumьsekri.

tiꞑ „n e g i z g i kemciligi" d e p ʙ i z n e n i ajtamьz, olqandaj k e m c i l i k? Biz ʙarlьq qalьq aƣartuv çumьsьn pəlijteqnijke negizine quramьz. Sonьꞑ icinde çalpь ʙilim ʙeretin mektepterdi ʙastavьc çəne orta dəreçeli mektepter dejmiz; ʙalalar məselen ana tilin, esepti, taʙьjƣat tanuvdь, pijzijke, qьmьja saʙaqtarьn sol mektepterde çaqsь ʙilip cьƣuvь kerek. Odan cьqqan ʙalalar teqnijkөm, rappak sьjaqtь iri mektepterge, çəne çoƣarƣь dəreçeli mektepterge enyvi kerek. Qьsqaca ajtqanda, ʙalalar „ʙilim negizin" alьp cьƣuvь kerek.

### Alis çyzinde ʙirde osьndaj ʙarma?

Mektepterimiz əli ʙul dəreçege anьq çetken çoq. Balalar kej ʙir mektepte pəlen çьl oqьsada, əreꞑ qat tanьp çyrgeni az emes. Çoƣarƣь ʙөlimde çyrgen yjine qajtqanda cecesi, ne əkesi „cьraƣьm, ʙul çaꞑьr nege çavadь?" dep suraq qojsa, ne derin ʙilmej qalьp çyrgen ʙalada az emes. „On caqьrьmdь ʙes qavьnƣa kөʙejtse, qanca qavьn ʙoladь, ne qanca caqьrьm ʙoladь?" dep əçep—təvir ʙilimi ʙar degen oquvcь—dan suraj qalƣanda, ʙir talaj soƣan ojlanьp, dəl ʙir çavap taʙa qojatьndaj, qolьna qaƣaz qalamьn alьp, ʙas qatьrьp, kөʙejtip, əvre ʙolьp qalatьn sьjaqtь...

Basqa mьsal alajьq. Bastavc çəne orta mektepterden cьqqan ʙalalar teqnijkөmge, rappakka çarap ketyvi kerek. Al, munь ʙitirgenderdiꞑ icinde çaramaj qalatьnь tipti kөp ʙoladь. M u n ь ꞑ ʙ ə r i n e n i k ө r s e t e d i? Bəride sol ʙastavьc, ç e n e orta mektepterdiꞑ ʙalalarƣa dajarlьqtь az ʙeretinin, çalpь ʙilimdi (esep, pijzijke, qьmьja, taƣь taƣьlarьn) çalpь ajtqanda, „ʙilim negizin" camalь yjretetinin kөrsetedi. Mine ʙul ʙizdiꞑ mektepterimizdiꞑ Ortalьq kəmijtet kөrsetken „n e g i z g i k e m c i l i g i" o s ь.

Mektepterdiꞑ ʙalalarƣa ʙilim negizin çetik yjretip cьƣaruvь zatьnda olardьꞑ ʙas çumьsь ʙoluvь kerek çəne olardьꞑ aldьna eꞑ əveli osь miꞑdet qojьluvь kerek. Bul çөndi ʙolmaƣannan kejin çөndi pəlijteqnijkeli mektep ʙar, çaqsь çumьs ʙar, nətijçe ʙar dep ajtuvƣada kelmejdi. Bul kemcilikti çojuvƣa tьrьsuv kerek. Ortalьq kəmijtet pen Өlkelik kəmijtet ʙьltьrda ajtqan, ʙьjьlda kem az ajtьp otьrƣan çoq. Osь kemcilik əlide çojьla qojƣan çoq dep otьr.

Tek ʙilim degende, atь-çөni çoq ʙilim ʙolsa ʙolƣanь" dep ajdaj ʙermev kerek. Bilimninde ʙilimi ʙar. Bizdiꞑ ʙalalarƣa ʙeretin ʙilimimiz satsьjaldьq qurьlьsьnьꞑ təçirijʙesi men ʙajlanьsqan ʙilim ʙolsьn. Balalar əveli purƣьram ʙojьnca çalpь ʙilimdi өtsin. Munь men qaʙat onь təçirijʙe çumьsьnda, өndiris təçirijʙesinde kөrip, sezip otьrsьn. Bilimdi çumьscьlar men qalqozcьlardьꞑ eꞑʙegi men ʙajlanьstьrьp otьrsьn. Mektepte oquv men ʙirge, qoƣamtərʙije çumьsьnda ʙirge qaʙattasьp otьrsьn.

Mine ʙizge osьndaj negizge qurьlƣan ʙilim kerek.

Sondьqtan ortalьq kəmijtettiꞑ usьnƣan ekinci cartь-çalpь saʙaqtь eꞑʙek ɵnimi men ʙajlanьstьruv, ʙalalardьꞑ ʙarlьq kyc, çigerin oquv çumьsь, tərʙije mindetterine çegyv, çalpь saʙaq çumьsьn satsьjaldьq qurьlьsьnan avlaq alьp ketpev kerek degen negiz ʙolatьn.

Ortalьq kəmijtet y c i n c i c a r t ь n d a tərʙije çəne oquv çumьsьndaƣь orьn alьp qalƣan purьltarьjat çolьna çat salt-sana men kyresyv kerek, ondajlarƣa ec ʙir çol ʙermev kerek-degen.

T ɵ r t i n c i--mektepte sanalь tərtip, mьqtь dəstir ʙolsьn degen.

B e s i n c i-mektepterde muƣalimderdiꞑ ornь ɵzgece ʙolsьn. Olardьꞑ rɵli artsьn. Olarƣa Lenince kɵz qaras ʙolsьn. At ystinen qarav partьja çolьna çatpajdь. Ças muƣalimderge iri kɵmek kɵrsetilsin degen.

A l t ь n c ь—ʙarlьq aƣartuv orьndarь, keꞑes partьja orьndarь, ʙarlьq mədenijet majdanьndaƣь qajratkerler, əsirese, muƣalimder mektepti ʙes savsaƣьndaj ʙilsin. Onь ʙilgende tek „çalpalama" tyrde ƣana emes, onьꞑ kyndelik ɵmiri men ьnƣaj tanьs ʙolьp, ic tьsьnьꞑ ʙərin çaqsь uƣьnьp, muꞑ—muqtaçьn kɵrip, is çyzinde çəne mezgilinde çərdem ʙerip otьruv kerek degen.

### Qalaj orьndadьq?

Bьltьr sentəʙirdegi kɵrsetken ortalьq kəmijtettiꞑ çene ɵktəʙirdegi kɵrsetken ɵlkelik kəmijtettiꞑ osь mindetterin qalaj orьndadьq. Endi sonь ajtuv kerek. Bul çɵnde ərijne olça çoq emes, ʙar. Negizgi olçalarьmьz ʙir talaj. Munь ortalьq kəmijtet 1932 ç. aƣustьꞑ 25-degi qavlьsьnda ɵzide kɵrsetip otьr. Qavlьnьꞑ ʙir çerinde ʙьlaj delingen:

„Çalpь ʙastavьc oquvdь çyrgizyv ʙelgili purƣьram, saʙaq tizimi qoldanuv arqьlь ƣilimdi ʙir ьꞑƣaj sesteme men ɵte ʙastav arqasьnda, qurama respyʙlijkesindegi ʙastavьc çəne orta-mektepter çɵninde kejingi çьldarda edəvir alƣa ʙasqandьq ʙar"dejdi

Taƣь ʙir çerinde:

„Ortalьq kəmijtettiꞑ 1931—çьlƣь 5 sentəʙirdegi qavlьsьnan kejin, mektepterde oquv çumьsьn ujьmdastьruv çɵninde, kɵp tərtip ʙola ʙastaƣanь ajqьndaldь. (Bir ьꞑƣaj rəspesənije (saʙaq tilami) saʙaq kezderinde oquv çumьsьnьꞑ əlde qajda təvir ujьmdasqanь) "dejdi.

Ycinci çerinde:

„Keꞑesti qurama respyʙlijkesi oquv kəmijserijetiniꞑ ʙastavьc çəne orta dəreçeli mektepterge, əsirese, ʙirinci ʙasqьc mektepterge, arnap cьƣarƣan purƣьramdarь Ortalьq kəmijtettiꞑ 1931-çьlƣь, 5—sentəʙirden kejingi qavlьsьnan kejin, edəvir tyzeldi, ɵtken çьldardaƣь purƣьramdaƣьdaj emes, ʙilim ʙeryv çɵninen çoƣarь çəne materьjaldar çɵninen tərtipti sestemge tysyvge ajlandь"dejdi.

Ortalьq kəmijtet muƣalimder çɵninde ʙьlaj dejdi:

„Kejingi çьldar icinde muƣalimderdiꞑ ʙelsendiligi edəvir arttь çəne ɵz çavapkerciligide kycejdi"

Ortalьq kəmijtet kɵrsetken osь olçalardьꞑ qajsьsьn alьp qarasaqta, Qazaƣьstan təçirijʙesinen taʙamьz. Bul olçalar Qazaƣьstan mektepteriniꞑ ɵmirinde de ʙar. Munь partьja kəmijteti ɵziniꞑ 1932 çьl, 9—sentəʙirdegi qavlьsьnda acьq kɵrsetti, onda:

„Çalpь ʙastavьc oquvdь çyrgizyv men qaʙat, çəne Ortalьq kəmijtettiꞑ sentəʙirdegi qavlьsьn çyrgizyv arqasьnda, mektepterdi qajta quruv çɵninde Qazaƣьstannьꞑ da edəvir olçasь ʙar-"degen

Ortalьq kəmijtet ʙolsьn, Өlkelik kəmijtet ʙolsьn, ʙul olçalar men qatar, oquv çumьsьndaƣь iri kemcilikterdi de acьq kɵrsetip otьr. Ol kemcilikterdiꞑ eꞑ ʙastьsь--mekteptiꞑ" negizgi k e m c i l i g i n i ꞑ" əli çojьlmaj kele çatqandьƣь. Basqa kemcilikterde osьdan tuvadь. Bul kemcilikter arqasьnda "ʙas kemcilik,, çojьlmaj kele çatьr. M u n ь ꞑ ç o j ь l m a j k e l e z a t q a n s e ʙ e ʙ i ne? Onьꞑ seʙeʙi ʙir necev, taldap ajtajьq.

### Purƣьram

Bastavьc, orta mektepterdiꞑ purƣьramdarьn acьp çiʙergende, aldь men kɵzge tyse qalatьn kemcilik onьꞑ kɵp, orьnsьz nərseler men cьrmalanƣandьƣь; sondьqtan muƣalim ylgirip, ɵte almaj qaladь; çeke purƣьramdar arasьnda ʙajlanьstьꞑ çoqtьƣь; aldьꞑƣь ʙɵlimniꞑ purьƣramь men kejingi ʙɵlim purƣьramь ekevi arasьnda ʙajlanьs çoqtьƣь; purƣьramdarda sajasьj qatalardьꞑ kɵp ʙolatьndьƣь; qoƣam tanuv saʙaqtarьnьꞑ purƣьramdarьnda tarьjqь məselelerdiꞑ tipti ʙolmajtьnь, ne ʙir məseleniꞑ ajaƣьn qozƣap, onьꞑ tarьjqь çɵnin tipti qozƣamajtьnь. Bir-eki mьjsal keltirejik:

Gegijene (tazalьq) purqьramьn—alatьn bolsaq, onda eŋ aldь men negizgi nərse-mektep tazalьqьn, yj tazalьqьn, çyris, turьs (əmir) tazalьqьn ajtuvdьŋ uqьndьruvdьŋ ornьna, əvelgi çьь adam pezalogijesinin zandarьn ajtьp, „əlipti tajaq" dep çaŋa qana tanьp kele çatqan balalardьŋ basьn qatьruvcьlьq bar. Osьndaj məterijaldar men purqьramdь avьrlatьp çiberyv tolьp çatьr. Sondьqtan muqalim onь tygel ətyvge ylgire-almaj qaladь.

Ekinci, bir purqьram men ekinci purqьram arasьnda bajlanьs bolmaqannan kejin, eki sabaqtьŋ birinen biri mylde açьrasьp ketetindigi. ne bolmasa, bir sabaqta ətken nərseni ekinci sabaqta kelip ekinci muqalimnen taqьda ətyv bьlaj tursьn, ekinci çьl ətiletin nərseni birinci çьl ətip çiberyvcilikte bar. Ne bolmasa, ekinci çьь oqьp çyrgen balalar kəp vaqьtqa cejin birinci çьь ətetin məselelerdi ətetin taqь bar. Mine, buda purqьramdar arasьnda tьqьz bajlanьstьŋ çoqtьqьnan сьqqan nərse.

Qoqamtanuv sabaqtarьnьŋ purqьramdarьnda sajasьj qatalardьŋ bar ekenin dəleldev ycin ajqaqtь alьstan izdestiryvdiŋ qaçeti camalь. Ondaj nərseler qazaq mektepterine arnap cьqarqan purqьramdarьmьzda tolьp çatьr. Qoqamtanuv sabaqь purqьramь tygil, basqalarьndada bar. Onan kejin, bizdiŋ oquv quraldarьmьzda əli Alac orda çol qьjsьn sarqьncaqьnan arьlьp bolqan çoq. Tьqьlьp ketetini boladь, bolьpta çyr. Purqьramdardьŋ mazmunь kejde satsьjaldьq qurьlьsьnan mylde avlaq, çalqaj ketip qaladь. Ortalьq kəmijtettiŋ purqьram çəninde kərsetken kemcilikteri tygeli men Qazaqьstanqada bar. Bizdiŋ əz kemcilikterimiz sol-purqьramdardь çəndep Qazaqьstan əmirine çanastьra alqanьmьz çoq. Bul çəndegi çumьs iresimij boldь. Qazaqьstandaqь satsьjaldьq qurьlьsьnьŋ betin çaqsьlap kərsete alqanьmьz çoq. Bizde pəlijteqnijke çumьsьnьŋ çəndi bolmaj kelyvindegi bir ylken sebep osь. Bul çənde, əsirese, eŋbek çənindegi purqьram çaqsь bolqan çoq.

Bul çumьs asa tar kələmdi tyrde qojьlьp keldi. Mekteptegi bar bolqan eŋbek çumьsь sol-mastiriskəjge kirip, bir vaqьt balalarqa aqac çondьruv, ojьncьq çasatuv ne basqa bir sondaj usaq çumьs (ərijne oda kerek qoj) bolьp keldi. Qalqozdьŋ çumьsь, egin saluv, feti, məcijne men tanьsuv sьjaqtь çumьstar balalardan avlaq çattь. Bul pəlijteqnijke çumьsьn tьm tajьz tysingendik boladь.

Bul çənde ekinci bir qavьp bar. Ol pəlijteqnijke boldь aq, əndiris bitkennin caruvacьlьq tyri bitkenniŋ bərinde yjrenip, aluv kerek-devcilik. Buл pikir pəlijteqnijke çənindegi Lenin pikirine myldem qajcь keledi. Lenin ajtqan, pəlijteqnijke negiziniŋ maqsutь „bərin birdej yjretyv emes, biraq, kəzirgi çalpь yndistirije negizin yjretyv qaçet nərse" degen. Lenin əveli bul çənde qandaj nərselerdi negizge aluv kerek, ekeninde atap, kərsetip bergen bolatьn (elektir məcijne, ər tyrli əndiris orьndarь taqь taqьlar). Sondьqtan, məselen, bir mektep çalpь yndistirije negizin yjrenyv men qabat, ol əziniŋ uvklonьna, ne çer ьnqajьna qaraj, sol aradaqь əndiristi çaqsь uqьp, sabaqьn soqan tьqьz bajlanьstьruv kerek. Sol əndirister men tьqьz bajlanьstь bolьp, sabaqtь eŋbek ənimi men qattь bajlanьstьruv kerek boladь.

Bizdiŋ purqьramdarьmьzda osь ret pen qurьluvь kerek. Rasьnda, purqьramdardь qajta çasav çəninde biz əli mardьmdь ectene bitirgenimiz çoq. Bьltьrqь istegen çumьstarьmьz kəbinese resmij boldь. Osьlaj dep Əlkelik partьja Kəmijteti əziniŋ 9-sentəbirdegi qavlьsьnda kərsetken bolatьn. Bul kemcilikti biz bьjьl çojuvьmьz kerek. Məskevden alqan purqьramdardь tek resmij əzgerte salmaj, sol purqьramdarda biz Qazaqьstannьŋ əziniŋ kerkin, Qazaqьstan qurьlьsь, satsьjaldьq olçalarьn acьq kərsete aluvьmьz kerek.

(Çalqasь kelesi sanda).

# Kəsip orьndarьnda partьja çumьsьnьŋ qarqьnь kycejtilip sapasь arьttьrьlsьn.

### Ərçumьscь partьja ьqpalьna alьnsьn

Ər ujanьŋ ekinci negizgi mindeti-ər kəsip orьndaqь, seqtegi barlьq çumьscьlarqa partьja ьqpalьn çyrgizyv mindetiniŋ orьndaluvь onan da nacar. Kөp ujalar çumьscьlardь çaqsьlap bilmejdi, zerttemejdi, partьjada çoq belsendilerdi esepke almajdь, çumьstь çumьscьlardьŋ top tobьnьŋ çaqdajьna yjlestirip ujьmdastьrmajdь. Sondьqtanda partьja ujalarь kejde çumьscьlardьŋ qandaj tilegi bar ekenin, sajasьj çəj qandaj ekenin bilmejdi, çumьscьlardьŋ kөz tigip otьrqan məselelerine kөŋil qojmajdь, çumьscьlardьŋ kynbe-kyngi tilegin orьndap otьrmajdь, өzderi syjtedi de birer çumьs orьndalmaj çatsa, bul neden boldь-dep өzderi taŋdanadь.

Ujьmdastьruv partьja çumьsьn qajta quruv çөninde azьn-avlaq tabьstar bola tursa da, bul çumьs əli de ojdaqьdaj emes, sondьqtan ər—bir ujanьŋ negizgi mindeti—barlьq kəmөnesterdi partьja çumьsьna tolьq qatьnastьruv, barlьq çumьscьlarqa partьja ьqpalьn çyrgizyv mindeti əli de orьndaluvdan qacьq çatьr.

### Eŋ negizgi yc kemcilik.

Өlkelik partьja kəmijtetiniŋ IV pilenymi kəsip orьndarьndaqь partьja ujalarьnьŋ çumьsьnda yc negizgi kemcilik bar ekenin ajttь, ol kemcilikter əli de çojьlqan çoq.

«Өlkelik partьja kəmijtetiniŋ pilenymi bьlaj dep tabadь: partьja ujalarьnьŋ çumьsьndaqь birinci, eŋ ylken kemcilik—«ər bir ujanьŋ, ər-bir partkomnьŋ negizgi mindeti,—ər bir kəsip orьnьnьŋ, seqtьŋ, buvьnnьŋ barlьq çumьscьlarьna sajasьj ьqpal çyrgizyv bəlcebektik sajasьj əser etyv» (Kaganobic) ekenin umьtqandьq.

Ekinci kemcilik--kөp çerdegi өndiriste caruvacьlьq bascьlьqьn bijlep-tөstep, çeke basqaruvcьlьqtь buruv, əkimcilik çumsavdьŋ soŋьna tysip, keŋes, kəsipcilik çəne basqa kөpcilik ujьmdarьnьŋ usaq—tyjek kynbe—kyngi çumьstarьna aralasuvcьlьq.

«Ycinci kemcilik partьja icindegi çumьstьŋ çurtcьlьq-sajasьj turmьsta, tuvra өndiriste ər kəmөnestiŋ çetekci, ylgili ekpindi boluv mindetin arttьruv ycin kyrestiŋ nacarlьqь, kəsip orьndarьnda partьja qьzmetcileriniŋ çumьsqa durьs bөlinbevi.

Eŋ iri kəsip orьndarьnda, çaŋa iri qurьlьs orьndarьnda partьja çumьsьnьŋ nacar ekenin pilenym ajьrьqca eskertedi».

Ortalьq partьja kəmijtetiniŋ çoqarьda korsetilgen derektipterin negizge alьp, kəsip orьndarьndaqь ujalar tezinen çumьstь mьna baqьtta kycejtyvge tijis:

### Barlьq kəmөnesterdi partьja çumьsьna qalaj tartuv kerek.

Ujanьŋ ər bir qatcьsь, ər bir partьjalьq ujьmdastьruvcьsь aldь men ər bir kəmөnesti tolьq zerttevge tijis (өndiriske kelmesten burьn qajda çumьs istegen, өndiriste çumьstь qalaj istep çyr, çumьscьlar arasьnda өzinqalaj ustajdь, iskerligi, tilegi, kөz qarasь, qandaj çəne basqalarьj. Partьjalьq mindetterdi partьjanьŋ myceleri, kandijdattarь arasьnda durьstap bөlyv kerek. Bul mindetterdi bөlgende tuvra өndiriste çumьs istep çyrgen kəmөnesterge partьjalьq mindetter, aldьmen өndiriske bajlanьstь mindetter tapsьruv kerek. Çumьsьna kynbe-kyn kelip, normьsьn orьndap çyrgen kəmөnesterge arita qalqan çumьscьlardь, kəmөnesterdi kөtermelevdi, sajasьjadьq çarьs, ekpindilikti ujьmdastьruvdь, byjimniŋ nacar istelyvi men, çumьs bolmaj qalьp qarap turuv men, çumьs sarqatьn bosqa өtkizyv men kyresti ujьmdastьruv mindetin çyktev kerek. Normьsьn orьndamaj çyrgen, kejde kelmej qalatьn, өndiris çumьsьnda basqada ondaj kemcilikteri bar kəmөnesterge bul kemcilikterdi çojuvqa kesimdi syrek bөlgilev kerek.

### Çumьscьlarqa qalaj sajasьj ьqpal çyrgizyv kerek?

Barlьq çumьscьlarqa bəlcebektik, sajasьj ьqpal çyrgizetin boluv kerek. Munьŋ

ycin ujanьn, partьja toвьnьn, qatcьnьn, partьjalьq ujьmdastьruvcьnьn ər çumьscьnь çaqsь вiletin boluvь kerek (çumьscь qajdan kelgen, qajda qanca vaqьt çumьs istegen, tilegi, talaвь, køz qarasь qandaj, qolьnan ne keledi çəne вasqalarь). Çumьscьlardь tolьq zerttep, ujalar, çumьscьlar icinen вasqalardan вelsendilerin, partьja men keŋes ykimetine cьn вerilgenderin iriktep alьp, olar arasьnda ajьrьqca çumьs çyrgizyvge tijis (məçilis çasav, partьja çьjьlьstarьna caqьruv, partьja oquvьna tartuv, tyrli mindetter tapsьruv çəne вasqalarь), вarlьq caruvacьlьq, ɵndiristik, sajasattьq çumьstardь çyrgizgende osьlarqa syjenip otyv tijis. Çumьscьlardьn ər tyrli toptarь men (ondiriske çanadan kelgender, çetekci qьzmetteg-iler вajьrqь çumьscьlar çəne вasqalarь) çumьstь derвes, ər toptьn çaqdajьna qaraj ujьmdastьruv kerek.

**Ygitŧin qandaj tyri kerek?**

